



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

3-деңгейлі СМЖ  
құжаты

2015 жылғы « 18 » \_\_\_\_\_ 09  
№1 басылым

Н 029-03.13-6.50.05-2015

ҚазҰТЗУ оқу порталында(<http://portal.kazntu.kz/>) оқытушылардың  
жарияланған мақалалары туралы мәлімет қосу бойынша  
ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Н 029-03.13-6.50.05-2015

## АЛҒЫ СӨЗ

1 Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ақпараттық технологиялар департаментінде  
ӨЗІРЛЕНДІ

Ақпараттық технологиялар  
департаментінің директоры  
« 2 » 09 2015 ж.




А. Мұстафина

## 2 КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыс және  
халықаралық байланыстар  
жөніндегі проректор  
« 8 » 09 2015 ж.




Ғылыми және инновациялық  
қызмет жөніндегі проректор  
« 8 » 09 2015 ж.



Е. Келдеев

Ішкі аудит департаментінің  
директоры  
« 4 » 09 2015 ж.



Б. Каленова

СМЖ үйлестіру бөлімінің бастығы  
« 4 » 09 2015 ж.



А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық  
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы  
« 3 » 09 2015 ж.



Б. Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту  
басқармасының бастығы  
« 2 » 09 2015 ж.





М. Мұнара

3 Университет басшысының 2015 жылғы « 18 » 09 № 68 бұйрығымен  
БЕКІТІЛДІ

4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ

**МАЗМҰНЫ**

- |   |  |   |
|---|--|---|
| 1 | «Менің мақалаларым» бетінде жұмыс жасау              | 4 |
| 2 | «Менің мақалаларым» бетінің функционалдығын сипаттау | 5 |
| 3 | Мақала жөнінде мәлімет енгізу                        | 6 |
- Өзгертулерді тіркеу парағы


Өзірленген  
Қолы Келісілген  
Қолы 

№ 68 «18» 09 2015 ж.

Университет басшысының бұйрығымен бекітілген


## 1 «Менің мақалаларым» бетінде жұмыс жасау

Мақаланы жариялау <http://portal.kazntu.kz> оқу порталына кіруден басталады. Порталдан «Оқытушы беті» (1-сурет) пункті таңдалады:



1 сурет - Оқу порталының басты беті


Қолданушы аты және құпия сөзді енгізу беті ашылады (2-сурет):



2 сурет - Қолданушы аты мен құпия сөзді енгізетін бет

Бұл бетте қолданушы аты және құпия сөзі сәйкес өрістерге енгізіледі (оқу порталына кіруге арналған логин мен құпиясөз енгізіледі). **Қолданушы аты мен құпия сөзді** енгізгеннен кейін «Кіру» батырмасы шертіледі.


Авторизация сәтті өткен жағдайда **оқытушы беті** (3-сурет) ашылады. Менің мақалаларым бетіне өту үшін оқытушы бетіндегі «Менің мақалаларым» пунктін таңдау қажет.



3 сурет - Оқытушы беті

## 2 «Менің мақалаларым» бетінің функционалдығын сипаттау

«Менің мақалаларым» беті (4 сурет) 2 пункттен тұрады: «менің мақалаларым» және «мақаланы жариялау».



4 сурет - Менің мақалаларым беті

«Менің мақалаларым» пунктінде мұғалімнің барлық жарияланған мақалалары кесте түрінде көрсетіледі. Кестеден мақаланың тақырыбын, авторларын және мақаланың қосылған күнін көруге болады. Кез-кез келген мақалаға курсорды апарып шертсе мақала туралы толық мәліметтер көрсетіледі (5-сурет). Сонымен бірге мақаланы кім қосқаны жайлы да ақпаратты алуға болады. Осы жерде мақаланы дискіге (флешкаға) көшіріп алуға болады.

**Теория вероятностей**

Автор(лар):

Мақаланы жариялау күні: 2011-11-23

Тіл: қазақша

Темалық аяқары: Математика

Қордың аты: Журнал Вестник КазНТУ

Қосымша шығатын мәліметтер: 2009г. 6-номер

Сығары: КазНТУ

УДК: удк

Қосым:

Файл: Көшіріп алу

N	Title	Автор(лар)	Қосылды
1	<input type="text"/>	<input type="text"/>	17.11.2011
2	<input type="text"/>	<input type="text"/>	17.11.2011
3	<input type="text"/>	<input type="text"/>	18.11.2011
4	Теория вероятностей	<input type="text"/>	23.11.2011

5 сурет - Мақала туралы толық ақпарат

**3 Мақала жөнінде мәлімет енгізу**

Мақала жөнінде мәлімет енгізу үшін «мақаланы жариялау» пунктiне өту қажет. Келесі терезе ашылады (6 сурет):

Мақала жариялау

Авторды енгізу формасы

Институтты таңдаңыз:  
Барлық институттар

Кафедраны таңдаңыз:  
Электросиңергетика и автоматизация технологических комплексов

Оқытушыны таңдаңыз:  
Юсупова Салтанат Абеновна

Басқа авторларды енгізу  Енгізілген авторларды өшіру

Автор(лар):

Title:

Тіл:  
Басқа

Тақырып айдары:

Кілттік сөздер:

УДК:

Қордың аты:

Қордан шығатын мәліметтер:

Мақаланы жариялау күні:  
23 Nov 2011

Сигла:  
КазНТУ

Сіздің мақалаңыз журналда бітік нұсқада факторылық жарияланған ба?  иә  жоқ

Файлдың форматы:  
.pdf

Мақаланы жүктеу. Файл көлемі 2 МВ -тан аспауы тиіс:

6 сурет - Мақаланы жариялау беті

Мақаланы жариялау бетінде мақаланың мәліметтерін толтыратын бірнеше жолдар орналасқан (6-сурет). Осы жолдарды толтырудың ережелері:

1 **Автор(лар)**. Автор жолын толтыру үшін «Авторды енгізу формасы» пайдаланылады (7-сурет):

Авторды енгізу формасы

Институтты таңдаңыз:  
Барлық институттар

Кафедраны таңдаңыз:  
Электросиңергетика и автоматизация технологических комплексов

Оқытушыны таңдаңыз:  
Нұрлыбаев Мурат Атайбекович

Басқа авторларды енгізу  Енгізілген авторларды өшіру

7 сурет - Авторды енгізу формасы

Бұл формада институтты және кафедраны көрсету арқылы университеттегі кез-келген оқытушы таңдалып, «Енгізу» батырмасы басылады. Таңдалынған мұғалім «Автор(лар)» жолына автоматты түрде енгізіледі. Осы тәсіл арқылы басқа да авторларды қосуға болады. Барлық енгізілген авторлардың аты-жөні «Автор(лар)» жолына бірге жазылады. Егер де, автор ҚазҰТЗУ университетінің қызметкері болмаса, онда «Басқа авторларды енгізу» өрісі таңдалады. Сонда, «Басқа авторларды енгізу» формасы ашылады (8-сурет):

8 сурет - Басқа авторларды енгізу формасы

Бұл формада автордың аты-жөнін пайдаланушы өзі теріп, «Енгізу» батырмасын басады.

Мәліметтерді дұрыс емес енгізген жағдайда, 7-ші суретте көрсетілген «Енгізілген авторларды өшіру» өрісі таңдалады. Сонда, «Енгізілген авторларды өшіру» формасы ашылады (9-сурет):

9 сурет - Енгізілген авторларды өшіру формасы

Бұл формада қате енгізілген авторлар таңдалынып, «Жюю» батырмасы басылады.

2 **Тақырып.** Мақаланың тақырыбы көрсетіледі. Тақырыпты жазғанда тырнақша белгісі қолданылмайды (сурет 6).

3 **Тілі.** Бұл жолда мақала тілі көрсетіледі. Таңдауға қазақша, орысша және ағылшын тілдері бар. Егер мақала басқа тілде жазылса «басқа» таңдауын қалдырыңыз (сурет 6).

4 **Тақырып айдары.** Мақаланың қай тақырыпта жазылғаны көрсетіледі. Мысалы: тарих, экономика, мемлекет және құқық, Қазақстан геологиясы т.б.. (сурет 6).

5 **Кілттік сөздер.** Мақалаңыздағы айрықша сөздерді жазыңыз. Бұл сөздер сайттан мақаланы іздеуді жеңілдетеді (сурет 6).

6 **УДК.** Мақаланың УДК-сы көрсетіледі (сурет 6).

7 **Қордың аты.** Мақала жарияланған газет немесе журнал атауы. Мысалы: ҚазҰТЗУ хабаршысы, т.б. (сурет 6).

8 **Қордан шығатын мәліметтер.** Мақала жарияланған газет немесе журнал туралы мәліметтер көрсетіледі. Мысалы, «Айқын апта» газеті болса: №180, 29.04.2011, бейсенбі (сурет 6).

9 **Мақаланы жариялау күні.** Мақаланың газет немесе журналда жарияланған күні (сурет 6).

10 **Сигла.** ҚазҰТЗУ деп қалдырылады (сурет 6).



11 Сіздің мақалаңыз жоғары импакт факторлы журналда жарияланған ба? “Ия” немесе “жоқ” таңдауының біреуі көрсетіледі (сурет 6).

12 **Файлдың форматы.** Сіз желіге жүктегіңіз келетін мақала файлының форматы көрсетіледі. Тек қана .pdf немесе .doc файлдары қабылданады (сурет 6).

13 **Мақаланы жүктеу.** Желіге жүктелуі керек болған мақала файлы көрсетіледі. Файл көлемі 2 MB -тан аспауы тиіс (сурет 6).

Барлық жолдар толтырылып біткен соң кестенің соңындағы «Сақтау» батырмасы басылады. Барлық жолдар дұрыс болса, «Сіздің мақалаңыз сәтті сақталды» деген хабарлама шығады. Қосылған мақаланы көру үшін «Менің мақалаларым» мәзіріне өту қажет.

**Ескертпе:**

1 \* - жұлдызша белгісімен көрсетілген жолдар міндетті түрде толтырылуы қажет.

2 Егер Сіздің бетіңіздегі «Менің мақалаларым» мәзірінде Сіздің мақалаңыз жарияланып қойса, бірақ Сіз қоспаған болсаңыз, оны Сізбен бірге авторластықта мақаланы жазған автор қосуы мүмкін. Мақаланы қай автор қосқанын 5-суретте «Мақала туралы толық ақпарат» пунктінде «Қосқан» деген жолдан көруге болады.

## Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен бабы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы